

Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қыркүйектегі № 357 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 94 "Сырым аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3851 болып тіркелген, 2015 жылғы 2 сәуірдегі "Сырым елі" газетінде жарияланған) және аудан әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтар № 12 "Сырым ауданы бойынша 2016 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4266 болып тіркелген, 2016 жылғы 3 наурызда "Сырым елі" газетінде жарияланған) қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппараты басшысының міндетін атқарушы М. Хасановқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А. Шыныбеков